

Мәдениет, өнер саласындағы мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік мұрағат мекемелерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлері үшін мамандықтары бойынша жұмыс өтілін есептеу Тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің 2002 жылғы 21 ақпандағы N 45 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 23 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1763. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 2008 жылғы 9 сәуірдегі N 106 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 2008 жылғы 9 сәуірдегі N 106 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабы 1-1-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) "Мәдениет, өнер саласындағы мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік мұрағат мекемелерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлері үшін мамандықтары бойынша жұмыс өтілін есептеу Тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің 2002 жылғы 21 ақпандағы N 45 бұйрығының (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1763, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің 2002 жылғы 21 ақпандағы N 45 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

2)

3) «

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Е.Ертісбаев

"Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 P020041_ қаулысын орындау үшін

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Мәдениет, өнер саласындағы мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік мұрағат мекемелерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік

қызметші болып табылмайтын қызметкерлері үшін мамандықтары бойынша жұмыс өтілін есептеу Тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) бекітілсін.

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап қолданылысқа енгізіледі және 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған қарым-қатынастарға таратылады.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бірінші вице-министр О.Г. Рябченкоға жүктелсін.

Келісілген:

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және Еңбек және халықты әлеуметтік
қоғамдық келісім министрі қорғау министрі

Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрінің
2002 жылғы 21 ақпандағы
N 45 бұйрығымен
Бекітілген

Мәдениет, өнер саласындағы мемлекеттік мекемелердің, мемлекеттік мұрағат мекемелерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлері үшін мамандықтары бойынша жұмыс өтілін есептеу Тәртібі

1. Жалпы ережелер

Осы Ережелер ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан мәдениет, өнер, мұрағат ісі саласындағы мекемелерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне мамандықтары бойынша жұмыс өтілін есептеу тәртібін реттейді.

Осы Ережелерге сәйкес есептелетін мамандығы бойынша жұмыс өтілі күнтізбелік есептеумен ескеріледі.

Күнтізбелік ай ішінде лауазымдық еңбекақысын көтеру құқығы пайда болған қызметкерлерге лауазымдық еңбекақысын есептеу осындай құқық пайда болған күннен бастап есептеледі.

Мамандығы бойынша жұмыс өтілі және мамандықтың сәйкестігін, құрамын тиісті ұйым басшысы бекітетін, өтіл белгілеу жөніндегі комиссия анықтайды.

Мамандығы бойынша жұмыс өтілін белгілеу жөніндегі комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Шешімнен көшірме екі данада жасалады және бір

Мамандығы бойынша еңбек өтілін анықтау үшін негізгі құжат еңбек кітапшасы (ол болған жағдайда) немесе жеке еңбек шарты немесе жұмысқа қабылдау және босату туралы бұйрықтан көшірме табылады.

1. Театр-көріністік, мәдени-демалыс, мәдени-ағарту, ғылыми-зерттеу, жөндеу-жаңғырту ұйымдарының, көркем-өндірістік шеберханалар, сондай-ақ барлық профильдегі мұражайлардың, мұражай-қорықтардың, кітапханалардың, кітап палатасының артистік, шығармашылық, әкімшілік-басқару, өндірістік-техникалық персоналы мен басқа да қызметкерлерінің мамандықтары бойынша жұмыс өтіліне осы ұйымдардағы және соларға теңестірілген ұйымдардағы жұмыс өтілі қосымшаға сәйкес есептеледі.

1) білім берудің оқу орындарындағы, ғылыми-зерттеу ұйымдарындағы мәдениет және өнер саласындағы ұйымдардың мамандықтарына сәйкес келетін ж ұ м ы с у а қ ы т ы ;

2) арнайы жоғары білімі жоқ, алайда мәдениет және өнер саласындағы ұйымдардағы осы мамандықтар бойынша тиісті практикалық жұмыс өтілі бар қызметкерлердің жұмыс уақыты;

3) шетелдегі жұмыс, егер шетелге жіберілгенге дейін қызметкер мамандығы бойынша мәдениет және өнер саласындағы және соларға теңестірілген ұйымдарда жұмыс істесе және қоныс аудару мерзімін санамағанда шетелден келген күнінен бастап екі ай ішінде ұйымға жұмысқа тұрса;

4) қызметтен жағымсыз себептерден босатылғандарынан басқа офицерлер құрамының Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСР Одағының Қарулы күштеріндегі ішкі, шекара әскеріндегі, азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен бөлімдеріндегі, Қазақстан Республикасының және КСРО ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдары жүйесіндегі қызметтері, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіндегі, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланындағы қызметі, сондай-ақ интернационалдық борышын өтеуге, соның ішінде әскери комиссариаттың анықтамасы болған жағдайда әскери қызметшілердің тұтқында болған уақыты;

5) жүктілігі және босануы жөніндегі демалыстар, сондай-ақ заңнамаға сәйкес берілетін еңбекақысы сақталмайтын бала күту бойынша берілетін демалыс у а қ ы т ы ;

- 6) жұмыстан заңсыз босатылған және кейін жұмыс орнын қалпына келтіру;
- 7) жұмыстан босатылып, кадрлар дайындау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі курстарда оқу;
- 8) сол мамандық бойынша мемлекеттік қызметте болған уақыты;
- 9) барлық деңгейдегі депутаттар жұмысы, егер осы лауазымға сайлау алдында тікелей мәдениет немесе өнер саласындағы еңбек қызметінде болса;
- 10) оның еңбек қызметі салаға қарамастан осы тектес мамандықтар бойынша лауазымдардағы жұмыс уақыты.

3. Мұрағат ісі ұйымдары қызметкерлері мен соларға теңестірілген тұлғалардың жұмыс өтілін есептеу

3. Мұрағат ісі ұйымдарының мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлері үшін мамандықтары бойынша жұмыс өтіліне қосымшаға сәйкес мемлекеттік мұрағат мекемелеріндегі, арнайы мұрағат мекемелеріндегі және ведомстволық мұрағаттардағы жұмыс уақыты жатқызылады.

4. Мамандығы бойынша жұмыс өтіліне осы Ережелердің 3-тармағында көрсетілген барлық ұйымдардағы жұмыс уақыты, сондай-ақ мына уақыт енеді:

1) орта және жоғарғы білім беру ұйымдарындағы, ғылыми зерттеу, жобалау-конструкторлық ұйымдарындағы мемлекеттік мұрағат мекемелеріндегі жұмыс бейініне сәйкес келетін мамандықтар бойынша жұмыстар; <*>

2) мұрағат және тарихи құжаттарды қалпына келтіру және сақтаумен байланысты ұйымдардағы жұмыс;

3) дыбыс-бейне құжаттамалары мен кинофотоқұжаттамаларды қалпына келтірумен байланысты мәдениет және киноиндустрия ұйымдарындағы жұмыс;

4) қызметтен жағымсыз себептерден босатылғандарынан басқа офицерлер құрамының Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСР Одағының Қарулы күштеріндегі ішкі, шекара әскеріндегі, азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен бөлімдеріндегі, Қазақстан Республикасының және КСРО ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдары жүйесіндегі қызметтері, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіндегі, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланындағы қызметі, сондай-ақ интернационалдық борышын өтеуге, соның ішінде әскери комиссариаттың анықтамасы болған жағдайда әскери қызметшілердің тұтқында болған уақыты;

5) жүктілігі және босануы жөніндегі демалыстар, сондай-ақ заңнамаға сәйкес берілетін еңбекақысы сақталмайтын бала күту бойынша берілетін демалыс у а қ ы т ы ;

- 6) жұмыстан заңсыз босатылған және кейін жұмыс орнын қалпына келтіруі;
- 7) жұмыстан босатылып, кадрлар дайындау, қайта даярлау және біліктілігін

арттыру жөніндегі курстарда оқу уақыты, егер қызметкер курсқа түскенге дейін мұрағат ісі ұйымдарында жұмыс істесе және оларды аяқтаған соң ұйымға мамандығы бойынша қайта оралса;

8) барлық деңгейдегі депутаттар жұмысы, егер осы лауазымға сайлау алдында тікелей мұрағат ісі саласындағы еңбек қызметінде болса;

9) мамандығы бойынша мемлекеттік қызметте болған уақыты;

10) мұрағат ісі ұйымдарындағы мамандықтар тектес мамандықтар бойынша лауазымдардағы жұмыс уақыты.

Ескерту. 4-тармақ өзгертілді - ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 82 бұйрығымен.

V021824_

4. Бұқаралық ақпарат құралдары ұйымдарының қызметкерлеріне және соларға теңестірілген тұлғаларға жұмыс өтілін есептеу

5. Теледидар және радио, газеттер мен журналдар, баспалар, ақпарат агенттіктерінің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын редакциялық, әкімшілік-басшылық, өндірістік-техникалық персоналдары мен басқа да қызметкерлерінің жұмыс өтіліне қосымшаға сәйкес осы ұйымдардағы және соларға теңестірілген ұйымдардағы жұмыс уақыты жатқызылады.

6. Мамандығы бойынша жұмыс өтіліне осы Ережелердің 5-тармағында көрсетілген барлық ұйымдардағы жұмыс уақыты, сондай-ақ мына уақыт енеді:

1) газет-журнал және кітап баспаларындағы, газеттер мен журналдардың аудандық, қалалық, облыстық, республикалық және ведомстволық редакцияларындағы, баспа үйлеріндегі, ақпарат агенттіктеріндегі, радио мен теледидардың редакцияларындағы, телерадиокомпаниялардағы редакциялық персоналдың жоғарғы немесе орта-арнайы білімі, немесе редакциялық немесе баспа қызметімен айналысуға құқық беретін білімі болған жағдайдағы жұмысы;

2) теледидар және радиохабар тарату студияларындағы, телерадиокомпаниялардағы, кинематография, кинофикация және кинопрокат ұйымдарындағы режиссерлік-қоюшы және басқа да қосалқы персоналдың жоғарғы немесе орта-арнайы білімі, немесе режиссерлік, операторлық және қосымшаға сәйкес осы тектес лауазымдардағы қызметпен айналысуға құқық беретін білімі болған жағдайдағы жұмысы;

3) қызметтен жағымсыз себептерден босатылғандарынан басқа офицерлер құрамының Қазақстан Республикасының және бұрынғы КСР Одағының Қарулы күштеріндегі ішкі, шекара әскеріндегі, азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен бөлімдеріндегі, Қазақстан Республикасының және КСРО ішкі

істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдары жүйесіндегі қызметтері, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметіндегі, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланындағы қызметі, сондай-ақ интернационалдық борышын өтеуге, соның ішінде әскери комиссариаттың анықтамасы болған жағдайда әскери қызметшілердің тұтқында болған уақыты;

4) жүктілігі және босануы жөніндегі демалыстар, сондай-ақ заңнамаға сәйкес берілетін еңбекақысы сақталмайтын бала күту бойынша берілетін демалыс у а қ ы т ы ;

5) жұмыстан заңсыз босатылған және кейін жұмыс орнын қалпына келтіру кезіндегі бос жүруге мәжбүр болған уақыты;

6) жұмыстан босатылып, кадрлар дайындау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі курстарда оқу уақыты, егер қызметкер курсқа түскенге дейін бұқаралық ақпарат құралдары мен киноиндустрия ұйымдарында жұмыс істесе және оларды аяқтаған соң қайта оралса;

7) барлық деңгейдегі депутаттар жұмысы, егер осы лауазымға сайлау алдында тікелей мұрағат ісі саласындағы еңбек қызметінде болса;

8) мамандығы бойынша мемлекеттік қызметте болған уақыты;

9) бұқаралық ақпарат құралдары мен киноиндустрия ұйымдарындағы мамандықтар тектес мамандықтар бойынша лауазымдардағы жұмыс уақыты.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрінің
2002 жылғы 21 ақпандағы N 105
бұйрығымен бекітілген
Мәдениет, өнер, мұрағат ісі және
бұқаралық ақпарат құралдары салаларының
қызметкерлерінің мамандық бойынша еңбек
өтілін есептеу
Ережесіне
Қосымша

Жұмыс істеген уақыты театрлық-көріністік, мәдени-демалыс,

ғылыми-зерттеу, жөндеу-қайта қалпына келтіру ұйымдары,
көркем-өндірістік шеберханалар, мұражайлар, мұражай-қорықтар,
кітапханалар, кітап палатасы, мұрағат ісі ұйымдары, бұқаралық
ақпарат құралдары ұйымдары қызметкерлерінің мамандықтары
бойынша еңбек өтіліне жатқызылатын ұйымдар мен лауазымдар

Тізбесі <*>

Ескерту. Тізбе толықтырылды - ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі N 82 бұйрығымен.
V021824_

Мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар атауы	Лауазым атауы
Ұлттық кітапханалар, республикалық кітапханалар, қалалық кітапханалар, аудандық кітапханалар, ведомстволық (академиялық) кітапханалар, арнаулы кітапханалар, соқырлар мен көзі нашар көретін азаматтарға арналған (облыстық) кітапханалар, жасөспірімдер кітапханалары, балалар кітапханалары, ғылыми-техникалық кітапханалар, барлық деңгейдегі кітапханалардың филиалдары, әмбебап (көпшілік) кітапханалар	Бас директор, бас директордың орынбасары, ғылыми хатшы, бөлім меңгерушісі, кітапханалық ынтымақтастықтың жетекші үйлестірушісі, сектор меңгерушісі, басылым түрлері бойынша бас жинақтаушы, кітапханашы, электронды каталогтың бас редакторы, электронды жинақтаушы каталогтың жетекші редакторы, директор, директордың орынбасары, жетекші кітапханашы, лаборатория меңгерушісі, үйрету бағдарламаларының бас үйлестірушісі, қайта қалпына келтіруші, бас сақтаушы, ауыстыру резерв қорының меңгерушісі, бас библиограф, бас зерттеуші, бас әдістемеші, типография меңгерушісі, мұрағат меңгерушісі, суретші;
Театрлық-көріністік, мәдени - демалыс ұйымдары, оның ішінде: Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет академиялық театры, К.Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театры, М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік драма театры, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдерге	Көркемдік жетекші, бас режиссер, бас дирижер, бас балетмейстер, бас хормейстер, бас суретші, директор, жоғары категориялы актер, бірінші категориялы актер, екінші категориялы актер, қоюшы, көркем қоюшы, директордың орынбасары, администратор, администратор-менеджер, труппа жетекшісі, әдеби

арналған академиялық қазақ театры, бөлімнің меңгерушісі, дирижер,
Мемлекеттік республикалық режиссерлік басқару жетекшісі,
музыкалық-комедиялық ұйғыр сахна шеберінің жетекші-әртісі,
театры, Мемлекеттік республикалық шығармашылық топтың жетекшісі,
музыкалық-комедиялық кәріс театры, бөлуші директор, жоғары
облыстық драма театрлары, облыстық категориялы әртіс, бірінші катего.
куыршақ театрлары, облыстық қазақ риялы әртіс, екінші категориялы
драма театрлары, облыстық орыс әртіс, көркемдік-қоюшылық
драма театрлары, облыстық, аудандық, бөлімнің меңгерушісі, режиссер,
ауылдық мәдениет және өнер ұйымдары дыбыс режиссері, балетмейстер,
(клубтар, мәдениет және демалыс хормейстер, вокал класы бойынша
парктері, мәдениет үйлері мен сарай. репетитор, балет класы бойынша
лары және т.б.) <*> репетитор, сөйлеу техникасы

бойынша репетитор, вокал класы
бойынша концертмейстер, хор класы
бойынша концертмейстер, жарық
жөніндегі суретші, костюм
жөніндегі суретші, суретші
бутафор, бутафор-декоратор,
гример-постижер, гример,
әдеби-драма бөлімінің (меңгеруші)
жетекшісі, суфлер, театр
қойылымының макетшісі;

Республикалық салалық мұражайлар Директор, директордың орынбасары,
мен қорықтар: археологиялық, бас қор сақтаушы, бөлім
геологиялық, ведомстволық, тарихи- меңгерушісі, ғылыми хатшы,
мемориалдық, көркем, мұражай- өнертанушы, негізгі емес бөлім.
қорықтар, тарихи-өлкелік, әдеби, дердің бастықтары, сектор
әдеби-мемориалдық, қолданбалы өнер меңгерушісі, суретші-қайта қалпына
мұражайы, қазіргі заман, декоратив. келтіруші, қор сақтаушысы,
ті-қолданбалы өнер, тарихи-мәдени суретші, суретші редактор, әдісте.
облыстық, қалалық, аудандық, ауылдық меші, экскурсия ұйымдастырушы,
мұражайлар мен қорық-мұражайлар <*> суретші-безендіруші, аға ғылыми

қызметкер, ғылыми қызметкер,
экскурсовод, инженер, кітапхана.
шы, музей қараушы, фотограф,
инспектор, кіші ғылыми қызметкер,
жетекші инспектор, маман,
фотограф-қайта қалпына келтіруші,

аға музей қараушы;

Концерттік ұйымдар, "Қазақконцерт" Бас директор, концерттік ұйымдас.
Қазақ мемлекеттік гастролдік- тырудың көркемдік жетекшісі,
концерттік бірлестігі, республика. шығармашылық ұжымның директоры,
лық филармониялар, облыстық дирижер, симфониялық оркестр
филармониялар, мәдени-ағарту ұйымдары әртістері, камералық оркестр

әртістері, вокалист, әнші-
вокалист, саз жетекшісі, саз
редакторы, ансамбль жетекшісі,
оркестр жетекшісі, ансамбль
сазгері, оркестр сазгері, лектор-
өнертанушы, жоғары категориялы
әртіс, бірінші категориялы әртіс,
екінші категориялы әртіс, әртіс-
аспапшы, әртіс-әнші, әнші-
аспапшы, әнші-әртіс, хормейстер,
режиссер, концертмейстер,
жоғары категориялы сүйемелдеуші-
концертмейстер, дыбыс режиссері,
вокал бойынша репетитор;

Республикалық кинокомпаниялар, Бас директор, бас директордың
облыстық, аудандық кино-бейне бірінші орынбасары, бас
жалға берушілер, кинофикациялар директордың орынбасары, бас

продюсер, бас технолог, бас
редактор, бас кинооператор,
бірлестік директоры, түсіру
тобының директоры, көркемдік
жетекші, суретші-қоюшы, жоғары
категориялы актер, орындаушы
продюсер, құрастырушы-режиссер,
режиссер, қоюшы-режиссер,
режиссер-редактор, директор,
дыбыс режиссері, дыбыс операторы,
редактор, қоюшы-суретші, қоюшы-
гример, дыбыс инженері, дыбыс
операторы, дыбыс безендірушілер,
суретші-декоратор, оператор

ассистенті, костюм жөніндегі
суретші, режиссер ассистенті,
суретші ассистенті, кинооператор
ассистенті, жетекші редактор,
костюмер, реквизитор, гример-
настижер, фотограф

Ғылыми-зерттеу ұйымдары Ұйымның директоры, директордың
орынбасарлары, ғалым хатшы,
редакторлар, бөлім, сектор,
лаборатория меңгерушісі, бас
ғылыми қызметкерлер, жетекші
ғылыми қызметкерлер, аға ғылыми
қызметкерлер, кіші ғылыми
қызметкерлер, лаборант, әдіскер.
лер, мамандар.

Мәдениеттің басқару органдары Басқару лауазымдары, сондай-ақ
мәдениет пен өнер саласының
қызметіне қатысты өзге де
лауазымдар

Мұрағаттар: мемлекеттік, Республикалық мемлекеттік мұрағат
республикалық, облыстық, қалалық, мекемесінің директоры, республи.
Астана, Алматы қалаларының, қалық мемлекеттік мұрағат мекемесі
аудандық, ведомстволық, арнаулы директорының орынбасары, облыстық,
Астана, Алматы қалалары
мемлекеттік мұрағат мекемелерінің
директоры, мемлекеттік мұрағат
мекемесінің бөлім бастығы,
облыстық филиалдың директоры,
қалалық немесе аудандық мемлекет.
тік мұрағат мекемесінің
директоры, бас мұрағатшы, бас
мұрағат жасаушы, қордың бас
сақтаушысы, бас палеограф,
республикалық мемлекеттік мұрағат
мекемелерінің негізгі қызметтері
бойынша өзге де бас мамандар,
облыстық, Астана және Алматы
қалалары мемлекеттік мұрағат
мекемелерінің бөлім бастықтары,

облыстық, Астана және Алматы
қалалары мемлекеттік мұрағат
мекемелерінің негізгі қызметі
бойынша бас мұрағатшы, бас
мұрағат жасаушы, қордың бас
сақтаушысы, өзге де бас мамандар,
қалалық және аудандық мемлекеттік
мұрағат мекемелері директорының
орынбасары, мұрағатшы, мұрағат
жасаушы, палеограф, сақтау
қоймасының меңгерушісі, жоғары
санатты әдіскер, бірінші
санаттағы әдіскер, екінші
санаттағы әдіскер, қалалық және
аудандық мұрағат мекемесінің
бөлім бастығы, бірінші санаттағы
барлық мамандықтардың инженері,
шағын фильмирлеу және көшірмесін
түсіру аппаратының операторы,
жаңғыртушы, суретке түсіруші,
екінші санаттың барлық
мамандықтарының инженері;

Республикалық, облыстық, қалалық, Газеттің немесе журналдың бас
аудандық газет және журналдар редакторы, бас редактордың
редакциялары, баспаханалар орынбасары, жауапты хатшы, бөлім
редакторы, редакциялық алқа
мүшесі, негізгі бағыттар бойынша
бөлім меңгерушісі, меншікті
тілші, шолушы, арнаулы тілші,
тілші, аудармашы, фототілші,
ретуш жасаушы, суретке түсіруші,
фотолаборант, жеке компьютерде
теруші-оператор, стенографшы,
редакцияның машинка басушысы, бет
оқушы, беттеуші-оператор, аға
корректор, корректор, суретші;

Республикалық кітап палатасы Директор, директордың орынбасары,
негізгі қызмет бойынша бөлім
меңгерушісі, ғалым хатшы, бас

	библиограф, өзге бөлімдердің меңгерушілері, кітапханашы, библиограф;
Ақпарат агенттігі	Бас редактор, бас редактордың орынбасары, редактор, редактордың шет ел ақпараттары жөніндегі орынбасары, редактордың орынбасары, тілшілер тобының меңгерушісі, аға тілші, тілші, меншікті тілші(шет елде), аудармашы-редактор, оператор, тілшілер қосынының меңгерушісі, бағдарламашы-инженер;
Кітап баспалары	Директор, бас редактор, директордың орынбасары, редакция, бөлім меңгерушісі, редактор, техникалық редактор, фотосуретші, фотолаборант, суретші, көркемдеуші редактор, шығарушы, ретуш жасаушы, кескіндеуші;
Теледидар мен радио	Бағдарламалардың бас директоры, бас редактор, бас шығарушы, бөлім меңгерушісі, жауаптыхатшы, комментатор, жауапты шығарушы, арнаулы тілші, бағдарламаның жүргізушісі; саяси шолушы, редактор-консультант, редактор-стилист, қалалық, аудандық радио хабарларын тарату редакциясының жауапты редакторы, меншікті тілші, тілшілер қосынының меңгерушісі, аға редактор, аудармашы, шығарушы редактор, тілші, фототілші, диктор, қалалық, аудандық радио хабарларын тарату редакциясының дикторы, кіші редактор, корректор, референт, сектор, бюро меңгерушісі, диктордың иномаманы,

қоюшы-кинорежиссер, телевиденияның
режиссері, кинорежиссер, радио
хабарларын тарату режиссері, дыбыс
режиссері, дыбыс операторы, бас
кинооператор, қоюшы-кинооператор,
құрама түсірімнің кинооператоры,
телеоператор, монтаждаушы,
теледидар режиссерінің ассистенті,
басқа да аталымдардың ассистенті,
кинорежиссердің көмекшісі,
кинооператордың көмекшісі, қоюшы-
суретші, құрама түсірілімдер
жөніндегі суретші, гримдеуші-
суретші, мультфильм түсіруші-
суретші, қуыршақ ұстаушы-суретші,
ойын қуыршақтарын безендіруші-
суретші, өзге де мамандықтардың
суретшісі, дыбыс жасаушы,
музыкамен әрлеуші, телефильмнің
редакторы, мәтінді үйлестіруші,
түсіру тобының директоры,
дайындаушы, түсіру тобы
директорының орынбасары, әкімші.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Жұманазарова А.Б.